

«ӨРЛЕУ» - ҚОСТАНАЙ ДАУЫСЫ

LIBRARY ORLEU-EDU.KZ

Областная газета филиала АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт профессионального развития по Костанайской области»

№ 21 (№ 204) пятница,
18.11.2022

АКТУАЛЬНО

ИНСТИТУТ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПО КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ. 80-е- 2000-е годы.



Мы продолжаем публикацию материалов, посвященных 10-летию Акционерному Обществу «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу».

В данной статье - история развития Костанайской системы повышения квалификации педагогов в 70-90 гг.



В семидесятые годы институты усовершенствования учителей в Казахстане являются основными методическими центрами в области и городе. И работа Костанайского института усовершенствования учителей заслуженно считалась одной из лучших в Казахстане. Особенностью системы повышения квалификации Костанайского ИУУ являлось активное внедрение комплексного подхода направленного на совершенствование воспитательно-образовательного процесса и повышение его результативности, требующего активной творческой работы, сотворчества учителя и ученика, особого психологического климата на занятиях и в коллективах.

В эти годы Институт возглавлял **Пётр Николаевич Рузанов**, бывший фронтовик, очень ответственно подходивший к обязанностям руководителя ИУУ.



Основной задачей методической подготовки учителей в системе повышения квалификации становится приведение методов обучения в соответствие с содержанием

учебного предмета, овладение новыми методами активизации и оптимизации учебно-воспитательного процесса в школе.

Институтом проделывалась активная



работа по пропаганде передового опыта лучших школ области, этому способствовали постоянные выезды работников института на фронтальные проверки в районы. Большое развитие получила раз-
витие организация творческих групп и экспериментальных площадок на базах лучших школ.

Все более широкое применение находят активные формы обучения слушателей; лекции с практическими и проблемными заданиями, обзорные лекции, практикумы, деловые игры, моделирование педагогических ситуаций, использование технических средств обучения.

С приходом к руководству институтом **Колесник Василия Николаевича** (1983-1989 годы), человека, глубоко знающего образование, умелого организатора и талантливого мотиватора, система повышения квалификации Костаная полу-



чила мощный импульс к развитию и освоению новых методик, благодаря приглашению лучших лекторов - учёных из различных научных центров Советского Союза.

Об этом периоде, в своей книге «Ұстаздық еткен жалықпас...» вспоминает **Раушан Абдугалиевна Байсарина**, ве-

теран педагогического труда, отличник народного просвещения Казахской ССР, отличник образования Республики Казахстан: «Это было время всплеска инноваций в той большой нашей



общей стране - Советском Союзе. Мы приглашали известных новаторов - Лысенкову С.Н., сподвижников Шаталова В.Ф., Рацимора Е.П., Гиршович В.С., учёных из Москвы, Ленинграда, Челябинска, Минска, Кишинёва, Донецка, Тулы, Перми, Алматы, Караганды. Наш ОблиПК поддерживал тесные узы сотрудничества с лабораторией НИИ АПН СССР, НИИ им И. Алтынсарина. А сколько делегаций по нашей рекомендации выезжали в разные города по изучению опыта!».

Область была охвачена новаторским движением. Практически каждый педагог был увлечён, стремился использовать передовой опыт, вести экспериментальную работу. А Институт непрерывно накапливал значительный опыт оказа-

РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ!

Қостанай қаласы
«№17 бөбекжай-бақшасы» тәрбиешісі
Марияш Жанулина

1990 жылдың 25 қазан күні қабылданған Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация – еліміздің болашақ Тәуелсіздігінің алғашқы іргетасы еді. Бұл мереке – көпұлтты Қазақстан халқының бірлігі мен әрқайсымыздың Отанға деген риясыз сүйіспеншілігіміздің символы.



Бүгінде Қазақстан Республикасы – қуатты, қарқынды дамып келе жатқан және гүлденген мемлекет!

Балабақша тәлімгері аттанған әрбір бұлдіршінің жас

ерекшелігіне қарай еліміздің тілі мен тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрі туралы мәлімет бере отырып, рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәуелсіз еліміздің парасаты адамгершілігі мол, білімді азамат етіп тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Сондықтан осы атаулы мерекеге орай №17 бөбекжай - бақшасының «Жидек» тобында «Гүлдене бер, Республикам менің!» тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Іс-шара Қазақстан Республикасының Мемле-

кеттік Әнұранын орындаудан басталып, балалардың Отан туралы жаттаған өлеңдерін айтып, ән шырқауымен жалғасын тапты. Сонымен қатар шара барысында «Қазақстан – менің болашағым!» атты слайд көрсетіліп, тәрбиеленушілердің өздері білетін ақпараттары ортаға салынып, ой-пікірлері тыңдалды. Осы кезде балалардың да Тәуелсіз мемлекетіміз туралы көп нәрседен хабардар екеніне көз жеткізуге болады және ол қуантарлық жағдай.

Негізі отбасынан бастау алатын тәрбие балабақшаның күнделікті өмірінде де қатар жүретіні бәрімізге белгілі. «Не ексең, соны орасың» демекші, балаларымызды қандай жолға бастасақ, олар да сол бағытпен жүреді. Сондықтан тәрбиенің көзі саналатын ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп, саналы тәрбие алған ұрпақ болашақта да ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлей-



тін білетін жеке тұлға болары анық.

Ел ертеңіне айналатын бүгінгі бұлдіршіндеріміздің келешегі үшін мемлекетіміз жылдан-жылға дамып, көркейе берсін! Әр отбасына денсаулық пен бақыт, бейбітшілік пен ынтымақ тілей отырып, Отанымыз – Қазақстан Республикасының болашақта одан әрі гүлденіп, талай биіктерді бағындыратына үміттенеміз!

ОЙЫН - МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің Отын-Ағаш бастауыш мектебі
МАД және шағын жинақталған топтың тәрбиешісі,
Лазат Досумова

Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танытып, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.



Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі, әсіресе, балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала – балалар ойыны. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат

құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Ойын бала үшін әрі іс-әрекет, әрі тәрбие құралы болып табылады. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерлік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Осыдан келіп ойын туралы мынандай тұжырым жасалады:

а) ойын - тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезім әрекеттері өсетүседі.

в) эстетикалық тәрбие беру - өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.